

**ҚЕ АҚ «СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»**

БЕКІТЕМІН
Басқарма - төрағасы
ректор, профессор



М. Төлеген
2024 ж.
(Басқарма отырысының хаттамасы)
№ 14 (Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті) 2024 ж.)

ЕРЕЖЕ

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ, ОҚУДАН ШЫҒАРУ, ОҚУҒА
ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ, АУЫСУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ**


П ШҚУ 004-24

Үшінші басылым

№ көшірме _____
Кіргізу күні _____


Өскемен қ.
2024 ж.

2024 жылғы 14 мамыр №16

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШКУ 004-24	2 бет 28 беттен

Мазмұны

1	Қолдану саласы.....	3
2	Нормативтік сілтемелер.....	3
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Белгілер мен қысқартулар.....	4
5	Білім алушыларды ауыстыру және қайта оқуға қабылдау.....	5
6	Білім алушыларды басқа ЖЖОКБҰ-нан, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне ауыстыру.....	6
7	Білім алушыларды курстан курсқа көшіру.....	8
8	Білім алушыны оқытудың ақылы негізінен мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқытуға ауыстыру.....	8
9	Білім алушылар қатарына қайта қабылдау.....	10
10	Білім алушыларды оқудан шығару тәртібі	11
11	Білім алушыларға академиялық демалыс беру туралы тәртібі.....	12
12	Өзгерістер.....	13
13	Келісу, сақтау және тарату.....	14
	Қосымша 1. Қаржылық берешекті өтеуге байланысты қайта оқуға қабылдауға өтініш формасы.....	16
	Қосымша 2. Білім алушының қайта оқуға қабылдау өтініш формасы..	17
	Қосымша 3. Білім алушыларды басқа ЖЖОКБҰ-нан ауыстыруға өтініш үлгісі.....	18
	Қосымша 4. Университет ішіндегі ауысу туралы өтініш формасы	19
	Қосымша 5. Бос білім беру грантына ауысу туралы өтініш формасы..	20
	Қосымша 6. Өз еркімен оқудан шығу туралы өтініш формасы	21
	Қосымша 7. Қорытынды аттестацияға қайта қатысуға рұқсат беру туралы өтініш формасы.....	22
	Қосымша 8. Тегін, атын немесе әкесінің атын ауыстыру туралы өтініш формасы.....	23
	Қосымша 9. Академиялық демалысқа шығу туралы өтініш формасы..	24
	Қосымша 10. Академиялық демалыстан шығу туралы өтініш формасы.....	25

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24	3 бет 25 беттен

1. Қолдану саласы

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы" осы ауысу, оқуға қайта қабылдау, оқудан шығару, академиялық демалыс беру тәртібі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазанындағы № 595 бұйрығының 2-тарауының 31, 32, 41, 47 - тармақшаларына сәйкес әзірленіп, «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – «ШҚУ» КЕАҚ) білім алушыларға академиялық демалыстарды беру, оқуға қайта қабылдау, оқудан шығару тәртібін айқындайды.

Осы Ереженің талаптары университеттің академиялық саясатында көрсетілген және академиялық үрдіске қатысатын барлық құрылымдық бөлімдер үшін міндетті.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ережені әзірлеу кезінде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазанындағы №595 бұйрығы;

- «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге төлемақы төлеу, білім беру грантын беру Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығы;

- Жарғы «Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу ережелерін және олардың мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысы;


- «ШҚУ» КЕАҚ академиялық адалдық ережелері;

- «ШҚУ» КЕАҚ жарғысы.

3. Терминдер мен анықтамалар

Бакалавриат - кемінде 240 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

Магистратура - кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы, "магистр" дәрежесі берілетін кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі;

	<p align="center">«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</p>	<p align="center">Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.</p>
	<p>Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже</p>	<p align="center">П ШКУ 004-24</p>

Академиялық демалыс - білім алушылар (студенттер, магистранттар, докторанттар) Қарулы Күштерде қызмет өткеруіне, жүктілік және босану бойынша демалысқа және 3 жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты медициналық көрсеткіштер бойынша оқуын уақытша тоқтататын кезең;

Академиялық адалдық - жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық) орындау, емтихандарға жауап беру, зерттеу, өз ұстанымын білдіру, академиялық персоналмен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен қарым-қатынас жасау, сондай-ақ бағалау кезінде білім алушының оқудағы адалдығын білдіретін құндылықтар мен қағидаттардың жиынтығы;

GPA (Grade Point Average – Great Point Everage) үлгерімінің орташа балы - таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының сандық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы);

Транскрипт - кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің, оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат;

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) – білім алушылардың білім беру бағдарламасы және элективті пәндер және (немесе) модульдер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары;

Білім алушыларды аралық аттестаттау - оқуды аяқтағаннан кейін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерінің (білімдерінің, іскерліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің) деңгейін бағалау рәсімі;

Қорытынды аттестаттау - тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

4. Белгілер мен қысқартулар


«ШҚУ» КЕАҚ - «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

ПРСВОК - сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі бойынша басшылықтың өкілі;

РСП - құрылымдық бөлімшенің басшысы;

ОДОиК - құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

ХЫАСБ - халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі, стратегия бөлімі;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24	5 бет 25 беттен

ШҚУ ҚР - университеттің құжатталған рәсімі;
 ЖЖОКБҰ - жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;
 ҰБТ - ұлттық бірыңғай тестілеу;
 КТ - кешенді тестілеу;
 ЖАО - жергілікті атқарушы орган;
 ЖОМ - жеке оқу жоспары;
 СҚКО – студенттерге қызмет корсету орталығы;
 ЭЫДҰ-экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы;
 ГРА-орташа балл;
 ОП - білім беру бағдарламасы.

5. Білім алушыларды ауыстыру және қайта оқуға қабылдау

5.1. «ШҚУ» КЕАҚ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының нормаларына сәйкес білім алушыларды ауыстыру және оқуға қайта қабылдау ережелерін әзірлейді, бекітеді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

5.2. Білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне, бір ЖЖОКБҰ-нан екіншісіне ауыстыру және оқуға қайта қабылдау жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.


Бұл ретте, төтенше жағдай енгізілген, Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, соғыс уақыты туындаған жағдайда, сондай-ақ оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қалпына келтіру оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

5.3. Білім алушы оқуға қайта қабылдау кезінде оқудан шығару мерзіміне қарамастан ауыстырылады немесе қайта оқуға қабылданады.

5.4. Білім алушы жеке оқу жоспарына сәйкес игерілетін бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаған болса ғана, ауыстырылады немесе оқуға қайта қабылданады.

5.6. Білім алушылардың ауысу және қайта қабылдау туралы өтініштерін басқарма төрағасы-ректор каникул кезеңінде қарастрады.

5.7. Жалпы орта білім беру базасында білім алушыны ауыстыру және оқуға қайта қабылдау ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы N 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес (бұдан әрі –

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШКУ 004-24	6 бет 25 беттен

ЖЖОКБҰ-на қабылдау туралы Ережелер) белгіленген шекті балдан төмен емес баллмен ҰБТ сертификаты (бакалавриат үшін) және КТ тапсыру туралы сертификаты (магистратура үшін) болған кезде жүзеге асырылады.

5.8. Ауыстыру және оқуға қайта қабылдау кезінде оқу нәтижелерін беруді Комиссия жүзеге асырады, білім беру бағдарламасының құрылымына, оқу пәндері тізбесінің мазмұнына сәйкес, олардың бағдарламалары мен көлемдерін академиялық сағаттардағы немесе көрсетілген кредиттер бойынша салыстыру негізінде жүзеге асырады транскрипт бойынша.

Комиссия жыл сайын бұйрықпен бекітіледі, жауапты – «ПАРАСАТ» СҚКО-ның тіркеу бөлімінің жетекшісі (*ПР ВКУ 008-23 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ «Ресми және бейресми білім беруді оқыту нәтижелерін тану ережесі»*).

Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оның негізінде декан/жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің меңгерушісі пререквизиттерді ескере отырып, оқудың тиісті курсы анықтайды, салыстыру парағын жасайды және жұмыс оқу жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылықты анықтайды, Комиссияның хаттамасын салыстыру парағына қоса береді.


Академиялық айырмашылық 28 академиялық кредиттен аспауы керек. Ағымдағы академиялық кезеңде және жазғы семестрде жойылмаған академиялық айырмашылықтар кейіннен академиялық қарыз ретінде есепке алынады.

5.10. Қабылдаушы ЖЖОКБҰ білім алушының жеке ісіне сұранысты және ауысу/қайта қабылдау туралы бұйрықтан үзінді көшірмені жібереді, білім алушының бұрын оқыған ЖЖОКБҰ сұраныс алғаннан кейін «басқа оқу орнына ауысуына байланысты» деген оқудан шығару туралы бұйрық шығарады және жеке істегі барлық құжаттардың көшірмелерін және жіберілген құжаттардың тізбесін қалдыра отырып, жеке істі қабылдаушы ЖЖОКБҰ мекенжайына жібереді.

Жеке іс құжатты (Қазақстан Республикасының арнаулы білім беру ұйымдары, алыс және жақын шетелдердің білім беру ұйымдары) жіберуге жатпайтын жағдайларда, ауыстыру/қайта қабылдау саясаты транскрипт немесе академиялық анықтамасы ЖЖОКБҰ басшысы қол қойған және мөрмен расталған негізінде жүргізіледі.

5.11. «ШҚУ» КЕАҚ білім алушыларды ауыстыру/қайта қабылдау/оқудан шығару/академиялық демалыс туралы шешім шыққан сон университеттің және Ғылым және жоғары білім министрлігінің ақпараттық жүйесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

6. Білім алушыларды басқа ЖЖОКБҰ-нан, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне ауыстыру

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШКУ 004-24	7 бет 25 беттен

6.1. Білім беру бағдарламалары тобына берілетін мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушыларға арналған білім беру бағдарламасы тобы шеңберінде ауысуды қоспағанда, ауысу тек ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ауысу білім алушы мен басқарма төрағасы-ректор арасында білім беру қызметтерін көрсету туралы шартқа қосымша келісім жасала отырып, бұйрықпен ресімделеді.

6.2. Оқыту кезеңінде денсаулығына байланысты нәтижесінде осы білім беру бағдарламасында оқуға тыйым салу туралы дәрігерлік-консультациялық шешімінің қорытындысы бар білім беру гранты бойынша білім алушы білім беру бағдарламасының бір тобынан екіншісіне білім беру гранты бойынша бос орынға ауыстырылады.

6.3. Білім алушыны жоғары білім берудің шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарынан білім беру бағдарламаларының басқа топтарына ауыстыру ЖЖОКБҰ-на қабылдау туралы Ережелерге сәйкес белгіленген шекті баллдан төмен емес ұлттық бірыңғай тестілеудің сертификаты болған жағдайда жүзеге асырылады.

6.4. Жалпы орта білім беру базасында білім алушыны жоғары білім беру бағдарламаларының топтарынан басқа білім беру бағдарламаларына ауыстыру ЖЖОКБҰ-на қабылдау туралы Ережелерге сәйкес белгіленген шекті баллдан төмен емес баллмен ҰБТ сертификаты (бакалавриат үшін) және КТ тапсыру туралы сертификаты (магистратура үшін) болған кезде жүзеге асырылады.

6.5. Білім алушыны ауыстыру кезінде ЖЖОКБҰ қабылдаушы даярлау бағытын, білім беру бағдарламасының бейінін, оқу жетістіктерін, сондай-ақ білім алушылардың академиялық адалдығын бұзу жағдайларын ескереді.


6.6. Университет үшін бекітілген Білім беру гранттары бойынша, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық мамандықтарға түскен студенттер басқа ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде ғана ауыстырылады.

6.7. Студенттер мен магистранттарды ұлттық ЖЖОКБҰ-ға немесе өзге ЖЖОКБҰ-ға ауыстыру білім алушылар білім беру гранты құнының айырмашылығын қосымша төлеген жағдайда жүзеге асырылады.

6.8. Білім алушыларды басқа ЖЖОКБҰ-нан ауыстыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) білім алушы өзі оқитын университет басшысының атына ауысу туралы өтініш береді және мөрмен бекітілген ауысуға жазбаша келісім алғаннан кейін оны қызықтыратын университеттің жоғары мектебінің деканына жүгінеді;

2) өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі: транскрипт, ҰБТ сертификатының көшірмесі, білім беру гранты иегері куәлігінің көшірмесі (бар болса), жеке куәліктің көшірмесі, жеке мәліметтері бар сауалнама;

	<p align="center">«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</p>	<p align="center">Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.</p>
	<p>Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже</p>	<p align="center">П ШКУ 004-24</p>

3) жоғары мектеп деканы/жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы осы Ереженің 5.8.-тармақшасында көрсетілген тәртіпке сәйкес білім алушының одан әрі оқу курсын айқындайды.

4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт білім алушы мен басқарма төрағасы - ректор арасында жасалады, ол одан әрі университеттің заң кеңесшісімен келісіледі.

7. Білім алушыларды курстан курсқа көшіру

7.1. Курстан курсқа ауыстыру оқу жылының қорытындысы бойынша ағымдағы жылдың 25 маусымына дейін жүзеге асырылады (бірден көктемгі аралық аттестаттау аяқталғаннан кейін) және ағымдағы жылдың 25 тамызына дейін – жазғы семестрдің қорытындысы бойынша.

Білім алушыларды курстан курсқа көшіру жоғары мектеп декандарының/жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі жетекшісінің ұсыныстары бойынша Ректордың/Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығымен ресімделеді.

7.2. Білім алушыны курстан курсқа ауыстыру үшін жыл сайын оқу курстары бөлінісінде Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілетін жеке оқу жоспарын орындау және үлгерімнің орташа балын (бұдан әрі – GPA) жинау негіз болып табылады.


7.3. Келесі курсқа ауысу шарттарын орындаған білім алушы академиялық қарыз болған жағдайда, білім беру грантының иегері болып табылсада немесе толық өтеу шарты бойынша оқиытына қарамастан оны ақылы негізде жояды.

7.4. Курстан курсқа көшу шарттарын орындамаған білім алушы қайтадан оқу жылына қалады немесе оқидан шығарылады.

Қайта оқу жылы оқу шығындарын толық өтеу шарттарымен шарт жасап отырып Ректордың/Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығымен беріледі. Қайта оқу жылына қалдырылған және ағымдағы оқу жылының 25 тамызына дейінгі мерзімде жоғары білімі бар маман даярлау бойынша білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасаспаған білім алушы академиялық үлгермеушілігі үшін оқудан шығарылады. Білім беру гранты бойынша білім алушы қайтадан оқу жылына қалдырылған болса білім беру грантынан айырылады.

7.5. Білім беру бағдарламасы болмаған жағдайда қайта оқу жылы сол ББ тобына кіретін білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылады. Қайта оқу жылына қалдырылған білім алушыларға тіркеу бөлімі ЖОЖ құрып береді.

8. Білім алушыны оқытудың ақылы негізінен мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқытуға ауыстыру

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШКУ 004-24	9 бет 25 беттен

8.1. Ауыстыру Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамызындағы № 443 бұйрығымен бекітілген "бакалавр" немесе "магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге төлемақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады (4-тарау).

8.2. Бос білім беру гранттары, оның ішінде жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үрдісінде босатылған батыс және халық тығыз орналасқан өңірлерден келген білім алушылар үшін білім беру гранттары (бұдан әрі - босаған гранттар), сондай – ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен гранттар білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ақылы негізде оқитындарға конкурстық негізде беріледі.

8.3. Конкурс куәлікті бере отырып, GPA үлгерімінің орташа балы негізінде аралық аттестаттау нәтижелері бойынша өткізіледі.

8.4. Университет сайтта (білім беру порталында) босаған білім беру гранттарының санын көрсете отырып, ашық конкурс туралы хабарландыру орналастырады.

8.5. Үлгерімінің GPA орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда бүкіл оқу кезеңінде бағалары А, А- ("өте жақсы") білім алушылар ғана басым құқыққа ие болады, келесі кезекте – А, А- ("өте жақсы") бастап В+, В, В-, С+ ("жақсы") дейінгі бағалар, бұдан әрі – аралас бағалар.

8.6. Босаған білім беру гранттарын беру жазғы және қысқы демалыс кезеңінде конкурстық негізде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:


1) ақылы негізде білім алып жатқан білім алушы басқарма төрағасы - ректордың атына өзінің GPA балын ашық қолжетімді болатындай жариялауға келісімін көрсете отырып, одан әрі жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру гранты бойынша оқуға өтініш береді;

2) кадрларды даярлау бағыттары, білім беру бағдарламаларының топтары мен курстары бөлінісінде GPA балын көрсете отырып, босаған гранттарға үміткерлердің деректерін университет сайтында (білім беру порталында) орналастырады;

3) келіп түскен өтініштер конкурстық негізде жоғары мектептер/факультеттер кеңесінің отырысында білім беру бағдарламаларының топтары, оқуға түсу жылы ескеріле отырып, оқу нысандары мен мерзімдері бөлінісінде қаралады;

4) конкурс нәтижелері бойынша іріктелген өтініштер ғылыми (академиялық) кеңестің және (немесе) байқау (қамқоршылық) кеңесінің және (немесе) директорлар кеңесінің отырысында қаралады;

5) ғылыми (академиялық) кеңестің және (немесе) байқау (қамқоршылық) кеңесінің және (немесе) директорлар кеңесінің шешімі негізінде тиісінше ағымдағы жылғы 5 тамызға және 25 қаңтарға дейінгі мерзімде босаған білім беру гранттарына үміткерлердің тізімін ғылым және

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШКУ 004-24	10 бет 25 беттен

жоғары білім саласындағы уәкілетті органға шешім қабылдау үшін жолдайды.

Тізімге қоса беріледі:

- білім алушының өтінішінің көшірмесі,
- ғылыми (академиялық) кеңестің және (немесе) байқау (қамқоршылық) кеңесінің және (немесе) директорлар кеңесінің шешімі,
- білім алушының транскрипті,
- білім алушыны қабылдау туралы бұйрықтан үзінді,
- жеке басын куәландыратын куәліктің көшірмесі,
- оқудан шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқасы),
- оқудан шығару туралы бұйрықтан үзінді.

8.7. Ғылым және жоғары білім министрлігі келіп түскен құжаттарды білім беру бағдарламаларының топтары, оқуға түскен жылын ескере отырып, оқу нысаны мен мерзімі бөлінісінде қарайды және шешім оң болған жағдайда босаған білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады (білім беру бағдарламаларының топтары бойынша үміткерлер болмаған жағдайда босаған гранттар даярлық бағытының немесе білім беру саласының ішінде қайта бөлінеді.

8.8. Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығының негізінде ҰТО білім беру грантын беру туралы куәлікті ресімдейді және деректерді үш жұмыс күні ішінде тиісті ЖЖОКБҰ-ға жібереді;

8.9. Бұйрықтың немесе куәліктің негізінде Басқарма төрағасы-ректор одан әрі білім беру гранты бойынша оқу туралы бұйрық шығарады.

8.10. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 24 және 25-тармақтарының бұйрығымен бекітілген «Бакалавриат» немесе «магистр» ғылыми дәрежесін бере отырып, жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру гранттарын тағайындау ережелеріне сәйкес, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үрдісінде босатылған ЖАҰ-ға босаған білім беру гранттарын беруді ЖАҰ комиссиясы жазғы және қысқы каникул уақытында бос орындарға конкурстық негізде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

9. Білім алушылар қатарына қайта қабылдау


9.1. Оқуға қайта қабылдау білім беру бағдарламасы бойынша ақылы негізде ғана жүзеге асырылады.

9.2. Қалпына келтіру рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деканатына / бөліміне басқарма төрағасы-университет ректорының атына өтініш ресімделеді;

2) өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- транскрипт;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШКУ 004-24	11 бет 25 беттен

- білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтау туралы құжат (түпнұсқа);
- жеке куәліктің көшірмесі;
- бұрын оқыған ЖЖОКБҰ-дан оқудан шығару туралы бұйрықтан үзінді;
- жеке мәліметтері бар сауалнама.

3) жоғары мектеп деканы/жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің жетекшісі осы Ереженің 5.8. тармақшаға сәйкес білім алушының одан әрі оқу курсы айқындайды.

4) білім алушы мен Ректор арасында білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасалады, ол әрі қарай «ШҚУ» КЕАҚ заң кеңесшісімен келісіледі.

9.3. Білім алушыны **шетелдік білім беру ұйымынан** қалпына келтіру рәсімі осы Ереженің 9.2.-тармақшасында көрсетілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Өтінішке қосымша келесі құжаттар қоса беріледі:


- аяқталған білім беру бағдарламалары туралы құжат – оқу туралы сертификат немесе транскрипт;
- алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжатты Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс;
- шетелдік білім беру ұйымдарына түсу үшін тестілеу нәтижелері;
- оқуға қабылдау, оқудан шығару, курстан курсқа көшіру бұйрығынан үзінді көшірме.

9.4. Оқу ақысын төлемегені үшін оқудан шығарылған ақылы негізде білім алушы осы берешекті өтеген жағдайда оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта ішінде қайта қабылдануы мүмкін.

10. Білім алушыларды оқудан шығару тәртібі

10.1. Білім алушы келесі себептер бойынша Жоғары мектеп/факультет декандардың ұсынысы немесе білім алушының жеке өтініші негізінде университеттен оқудан шығарылады:

- 1) академиялық қарыздар үшін – аралық аттестаттау аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні өткен соң;
- 2) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін (оқу ақысын төлемегені үшін);
- 3) оқу тәртібін бұзғаны үшін – дәлелді себепсіз бір академиялық кезеңде 120 және одан да көп академиялық сағат мөлшеріндегі рұқсатнамалар - осы факт анықталған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде;
- 4) оқуды уақтылы бастамаған тұлға ретінде – осы факті анықталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде;
- 5) академиялық демалыстан оралмағаны үшін – дәлелді себепсіз аяқталғаннан кейін 15 жұмыс күннен соң;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24	12 бет 25 беттен

- 6) басқа ЖЖОКБҰ - ға ауысуына байланысты;
- 7) өз еркі бойынша (өтініш жазған күннен бастап);
- 8) қорытынды аттестаттауға келмегені үшін немесе дипломдық жұмысты (жобаны) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамаған" ретінде, немесе кешенді емтихан тапсырмағаны ретінде ("қанағаттанарлықсыз" бағасын алған кезде) – қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия жұмысы аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде;
- 9) қайтыс болуына байланысты – туыстары қайтыс болу туралы куәлікті ұсынған кезден бастап 5 жұмыс күні ішінде;
- 10) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін – академиялық адалдық қағидаларының бұзылуы анықталған кезден бастап 5 жұмыс күні ішінде;
- 11) «ШҚУ» КЕАҚ-нің ішкі тәртіп Ережелері мен Жарғысын бұзғаны үшін, университет студенттерінің үйлерінде тұру Ережелерін бұзғаны үшін – мән-жайлар анықталған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде.

10.2. Білім алушы келесі жағдайларда студенттік бөлімі жетекшісінің ұсынысы негізінде университеттен оқудан шығарылады:

- 1) бірінші академиялық кезең ішінде шетелдік дипломды нострификациялау немесе білім берген құжатты тану рәсімінен өтпегені үшін;
- 2) алдыңғы білім туралы жалған құжатты ұсынғаны үшін, ЖЖОКБҰ-ның білім туралы диплом берілгенін растамағаны туралы хаты негізінде;
- 3) кезекті емтихан сессиясы басталғанға дейін білім алушының жеке іс құжаттары келіп түспеген жағдайда (оқуға қабылдау, келесі оқу жылына ауыстыру, оқудан шығару туралы бұйрықтан үзінді көшірме; транскрипт немесе академиялық анықтама; медициналық анықтама; ЖЖОКБҰ лицензиясының көшірмесі).


10.3. «ШҚУ» КЕАҚ-нан шығарылған білім алушыға тіркеу бөлімі Ректордың/Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректордың қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт береді.

11. Білім алушыларға академиялық демалыс беру тәртібі

11.1. Академиялық демалыс білім алушыларға ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы негізінде беріледі:

- денсаулығына байланысты ауырса;
- әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазы;
- үш жасқа толғанға дейін баланың тууы, асырап алуы.

11.2. Академиялық демалыс кезеңінде жүктілікке және босануға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама ұсынылған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШКУ 004-24	13 бет 25 беттен

(25-тармақ) қаулысымен бекітілген мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларының нормаларына сәйкес академиялық демалыс үзіліп, жүктілік және босану бойынша демалыс ресімделеді.

11.3. Академиялық демалысты рәсімдеу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1) Денсаулығына байланысты ауырса;

- білім алушының басталуы мен аяқталу мерзімдерін көрсете отырып, басқарма төрағасы-ректордың атына академиялық демалыс беру туралы өтініші;
- жеке куәліктің көшірмесі;
- амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік - консультативтік комиссияның (бұдан әрі-ДКК) қорытындысы.

2) Әскери қызметке шақырылған жағдайда:

- білім алушының басталуы мен аяқталу мерзімдерін көрсете отырып, басқарма төрағасы-ректордың атына академиялық демалыс беру туралы өтініші;
- жеке куәліктің көшірмесі;
- әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазы (анықтама).

3) Бала туған, асырап алған жағдайда:


- білім алушының басталуы мен аяқталу мерзімдерін көрсете отырып, басқарма төрағасы-ректордың атына академиялық демалыс беру туралы өтініші;
- жеке куәліктің көшірмесі;
- баланың туу, асырап алу туралы құжаттың (куәліктің) көшірмесі.

11.4. Академиялық демалыстан шығу үшін білім алушы басқарма төрағасы-ректордың атына өтініш береді және мынадай құжаттарды ұсынады:

- сырқаты бойынша академиялық демалыста болған кездегі денсаулық жағдайы - оқуды жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар науқасты бақылаған амбулаториялық-емханалық ұйымнан анықтама;
- әскери қызметке шақыруға байланысты академиялық демалыста болған кезде-әскери билеттің көшірмесі;
- баланың тууына, асырап алуына байланысты академиялық демалыста болған кезде - баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі.

11.5. Жоғары мектеп деканы/жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы ұсынылған құжаттар негізінде оқу жоспарларындағы/кредиттердегі пәндер айырмашылығын айқындайды, салыстыру ведомосін жасайды. Академиялық демалыстан оралған кезде білім алушы осы демалысты ресімдеген курстан және академиялық кезеннен бастап оқуын жалғастырады.

12. Өзгерістер

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24	14 бет 25 беттен

12.1. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу ІСҚЕЖӨ рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама түрінде оның қолы қойылып құжатпен ресімделеді. Өзгеріс туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы Ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ПД 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген ережеге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды әзірлеуші бөлім ғана жүргізеді. Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағында белгісі бар ҚББ енгізеді.

12.2. Түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХЫЖАББ және ҚББ жауапты болады.

12.3. Ережені ҚББ тексерулер кезеңділігін есепке алу парағына жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, үш жылда бір реттен сиретпей қайта каралады.

12.4. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болуы мүмкін:

- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- басқарма төрағасы-университет ректорының бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- түзетулердің рұқсатымен өзгерістер енгізу себебін көрсете отырып, ҚББ қызметтік жазбасы.

12.5. Бөлімшенің атауы өзгерген кезде Ереже ауыстырылуы тиіс.

12.6. Ауыстыру жағдайында университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.

12.7. Ескірген Ережені ауыстыру және алып қою үшін ҚББ және ІСҚЕЖӨ жауапты болады.

12.8 Қолданылу мерзімі өткен Ережеге күшін жою негіздерін, күнін, «Күшін жойды» деген жазуды жасаған тұлғаның қолын көрсете отырып, «Күші жойылды» деген жазу қойылады және мұрағатқа жіберіледі. Мұрағат құжаттары жұмысқа пайдаланылмайды.


13. Келісу, сақтау және тарату

13.1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Ережені бекітуді ҚББ жүзеге асырады.

13.2. Ережені ҚББ әзірлеген.

Ереже мыналарға сәйкес келеді:

- СХЫЖАББ;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШКУ 004-24	15 бет 25 беттен

- Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор;
- стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімінің басшысы;
- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісі;
- Заңгер- кеңесші.

13.3. Ережені басқарма төрағасы – университет ректоры бекітеді және ол жойылғанға дейін қолданылады.

13.4. Ереженің түпнұсқасы ҚҚЕЖББ-де сақталады, оның сақталуына ҚҚЕЖББ басшысы жауапты.

13.5. Ереженің түпнұсқасымен танысу парағына қол қойғыза отырып, құрылымдық бөлімшенің барлық жұмыскерлерінің Ережесінің мазмұнымен жеке танысқаны үшін осы Ереженің мазмұнымен міндетті түрде танысқаны туралы хабарлау жолымен жаңа қызметкерді университетке жұмысқа қабылдау кезінде ҚҚБ жауапты болады.

13.6. Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын жіберуді ҚҚЕЖББ жүзеге асырады.

13.7. Бөлімшеде Ереженің есепке алынған жұмыс данасын сақтауға ҚББ жауапты болады.

ӘЗІРЛЕГЕН:

Студенттер бөлімінің жетекшісі



Калиева Г.К.

КЕЛІСІЛДІ:

Ішкі сапаны басқару жүйесін
қамтамасыз ету жетекшісі



Ровнякова И.В

Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор



Алимбекова Н.Б.

Академиялық саясат және білім беру
бағдарламаларын басқару департаментінің
директоры



Домалатов Е.Б.

Стратегия, халықаралық ынтымақтастық және
аккредиттеу бөлімі жетекшісінің м.а.



Ниғманова Д.Қ.

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
бақылау бөлімінің жетекшісі




Чудобаева А.К.

Заңгер-кеңесші



Раева Д.М.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24

Қосымша 1
П ШҚУ 004-24-001 нысан

**Қаржылық қарыздарды өтеуіне байланысты
оқуға қайта қабылдау туралы өтініш**

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы - ректор

Білім алушы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН _____

_____ курс, күндізгі бөлім

(білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім бағдарламасы

_____ білім базасы

(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

Тіркеу мекен жайы _____

(елді мекен, облыс, қала, аудан, ауыл)

көше, үй, пәтер)

Телефон нөмері _____

Өтініш

Мені 20 _____ жылдың « _____ » _____ бастап _____ тілінде
(қазақ / орыс)

оқыту тобына оқу үшін толық шығынды өтеумен _____
_____ білім.

(білім беру бағдарламасының коды және атауы)


беру бағдарламасының _____ білім базасындағы _____ курсына
(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

қаржылық қарызды өтеуіме байланысты оқуға қайта қабылдауыңызды
сұраймын.

20 _____ жылы « _____ » _____ шарт талаптарын орындамағаны үшін
(оқу ақысын төлемеуіне байланысты) № _____ бұйрығымен оқудан шығарылды.

Қолы _____

Күні _____

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24

Қосымша 2
П ШҚУ 004-24-002 нысан

Оқуға қайта қабылдау туралы өтініш

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы - ректор

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Азамат(шы) _____

(Тегі, аты, әкесінің аты)

(бұрын оқыған оқу орнының атауы)

ЖСН _____

(білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім бағдарламасы

_____ білім базасы

(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

Тіркеу мекен жайы _____

(елді мекен, облыс, қала, аудан, ауыл

көше, үй, пәтер)

Телефон нөмері _____

Өтініш

Мені 20____-20____ оқу жылының _____ семестрінен _____ тілінде
(қазақ / орыс)

оқыту тобына оқу үшін _____

(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

_____ білім беру бағдарламасы

_____ білім базасы күндізгі оқу түрінің _____ курсына, толық

(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)


шығынды өтеумен оқуға қайта қабылдауыңызды сұраймын.

20____ жылдың «____» _____ №____ бұйрығымен оқудан
шығарылдым _____

(бұрын білім алған ЖЖОКБҰ -ның атауы және оқудан шығу себебі)

Қолы _____

Күні _____

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24

Қосымша 3
П ШҚУ 004-24-003 нысан

Басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысуға өтініш

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы - ректор

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Білім алушы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты)

(бұрын оқыған оқу орнының атауы)

ЖСН _____
_____ курс, күндізгі бөлім

(білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім бағдарламасы
_____ білім базасы

(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

оқу нысаны _____
(мемлекеттік грант/әкім гранты /ақылы)

Тіркеу мекен жайы _____

(елді мекен, облыс, қала, аудан, ауыл

көше, үй, пәтер)

Телефон нөмері _____

Өтініш

Мені 20__-20__ оқу жылының _____ семестрінен _____ тілінде
(қазақ / орыс)

оқыту тобы _____
(мемлекеттік грант / толық шығынды өтеумен)


_____ білім
(білім беру бағдарламасының тобы, коды және атауы)

беру бағдарламасы _____ білім базасындағы _____ курсына
(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

(бұрын білім алған ЖЖОКБҰ -ның атауы)

ауысу тәртібі бойынша қабылдауыңызды сұраймын.

Қолы _____
Күні _____

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24

Қосымша 4
П ШҚУ 004-24-004 нысан

Университет ішіндегі ауысу туралы

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы - ректор

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Білім алушы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН _____,
_____ курс, күндізгі бөлім

_____ (білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім бағдарламасы
_____ білім базасы
(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

Оқу нысаны _____
(Мемлекеттік грант, ақылы)

Тіркеу мекен жайы _____
_____ (елді мекен, облыс, қала, аудан, ауыл)

_____ (көше, үй, пәтер)

Телефон нөмері _____

Өтініш

Мені 20 ____ -20 ____ оқу жылының ____ семестрінен _____ тілінде
(қазақ /орыс)

оқыту тобы _____
(білім беру бағдарламасының тобы, коды және атауы)

білім бағдарламасы, толық шығынды өтеумен _____ білім базасындағы
(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)


_____ курсынан _____
(білім беру бағдарламасының тобы, коды және атауы)

білім бағдарламасы _____ білім базасындағы _____ тілінде оқыту
(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ) (қазақ /орыс)

тобына _____ курсына _____
(мемл.грант /толық шығынды өтеумен)

ауыстыруыңызды сұраймын.

Қолы _____
Күні _____

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24

Қосымша 5
П ШҚУ 004-24-005 нысан

Бос білім беру грантына өтініш

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы - ректор

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

күндізгі бөлімінің, _____ курстың

_____ (білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім беру бағдарламасы

_____ базасы, ақылы оқу нысаны
(ОБ/ ТжКБ)

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ білім алушысынан
ЖСН _____


Өтініш

Мені, оқытудың ақылы негізінен жоғары білім алу үрдісінде босаған бос білім беру грантына ауыстыруды сұраймын (оқудан шығарылған _____ орнына).

_____ (оқудан шығарылған білім алушының тегі, аты, әкесінің аты)

Менің GPA ұпайымды көпшілікке жариялауға келісемін.

Қолы _____
Күні _____

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24

Қосымша 6
П ШҚУ 004-24-006 нысан

Өз еркімен оқудан шығару туралы өтініш

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы - ректор

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Білім алушы _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН _____,
_____ курс, күндізгі бөлім

_____ (білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім бағдарламасы
_____ білім базасы
(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

Оқу нысаны _____
(мемлекеттік грант/ әкім гранты/ақылы)

Тіркеу мекен жайы _____
_____ (елді мекен, облыс, қала, аудан, ауыл)

_____ көше, үй, пәтер)
Телефон нөмері _____


Өтініш

Мені 20 _____ жылдың « _____ » _____ бастап _____
_____ білім бағдарламасы
(білім беру бағдарламасының тобы, коды және атауы)

_____ тілінде оқыту тобы _____ білім базасындағы
(қазақ /орыс) (ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

_____ курсынан өз еркіммен оқудан шығаруыңызды сұраймын.

Қолы _____
Күні _____

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24

Қосымша 7
П ШҚУ 004-24-007 нысан

**Қорытынды аттестацияға қайта қатысуға
рұқсат беру туралы өтініш**

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Баскарма төрағасы - ректор

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

_____ жылғы түлегі

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН _____

_____ (білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім бағдарламасы

_____ білім базасы

_____ (ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

Тіркеу мекен жайы _____

_____ (елді мекен, облыс, қала, аудан, ауыл)

_____ көше, үй, пәтер)

Телефон нөмері _____

Өтініш

Маған _____ пәні бойынша

_____ (пән атауы)

қайта қорытынды аттестаттауға қатысуға / _____

_____ (диплом жұмысы тақырыбының атауы)

_____ тақырыбы бойынша

диплом жұмысын (жоба) қайта қорғауға рұқсат беруіңізді сұраймын.


20 _____ жылдың « _____ » _____ № _____ бұйрығымен оқудан шығарылдым _____

_____ (оқудан шығу себебі)

Қосымша: Транскрипт; жеке куәліктің көшірмесі.

Қолы _____

Күні _____

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24

Қосымша 8

П ШҚУ 004-24-008 нысан

Тегін, атын немесе әкесінің атын ауыстыру туралы өтініш

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы - ректор

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Білім алушы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН _____,

_____ курс, күндізгі бөлім

_____ (білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім бағдарламасы

_____ білім базасы

_____ (ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

Оқу нысаны _____

_____ (мемлекеттік грант/ әкім гранты/ақылы)

Тіркеу мекен жайы _____

_____ (елді мекен, облыс, қала, аудан, ауыл

_____ көше, үй, пәтер)

Телефон нөмері _____

Өтініш

Мені _____

_____ (Некеге тұруыма / Некенің бұзылуына / Тегімді, атымды, әкемнің атын өзгертуіме)

байланысты _____

_____ ретінде

_____ (жаңа тегін, атын, әкесінің атын көрсету қажет)


санауыңызды сұраймын.

Қосымша: 1) Неке қию туралы куәліктің көшірмесі/ Неке бұзу туралы куәліктің көшірмесі/ Тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы куәліктің көшірмесі немесе ХҚКО-ның анықтамасы;

2) Жеке куәліктің көшірмесі.

Қолы _____

Күні _____

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24

Қосымша 9

П ШҚУ 004-24-009 нысан

Академиялық демалысқа шығу туралы өтініш

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы - ректор

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Білім алушы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН _____,

_____ курс, күндізгі бөлім

_____ (білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім бағдарламасы

_____ білім базасы

_____ (ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

Оқу нысаны _____

_____ (мемлекеттік грант/ әкім гранты/ақылы)

Тіркеу мекен жайы _____

_____ (елді мекен, облыс, қала, аудан, ауыл

_____ көше, үй, пәтер)

Телефон нөмері _____

Өтініш

Маған 20____ ж. «____» _____ - 20____ ж. «____» _____

аралығына _____

_____ (Деңсаулық жайдайына / Баланы тууна немесе асырап алуына үш жасқа толғанға дейін/

_____ байланысты академиялық демалыс беруіңізді


_____ / Әскери қызметке шақыруына)

сұраймын.

Қосымша: Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы/ Баланың туу (немесе асырап алу) туралы куәліктің көшірмесі/ Әскери қызметке шақырту-қағазы немесе анықтама.

Қолы _____

Күні _____

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ	Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	Академиялық демалыс беру, оқудан шығару, оқуға қайта қабылдау, ауысу тәртібі туралы ереже	П ШҚУ 004-24

Қосымша 10

П ШҚУ 004-24-0010 нысан

Академиялық демалыстан шығу туралы өтініш

«С. Аманжолов атындағы ШҚУ» КЕ АҚ
Басқарма төрағасы - ректор

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Білім алушы _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН _____,
_____ курс, күндізгі бөлім

_____ (білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім бағдарламасы

_____ білім базасы .

_____ (ОБ/ ТжКБ/ ЖБ)

оқу нысаны _____

_____ (мемлекеттік грант/ әкім гранты/ ақылы)

Тіркеу мекен жайы _____

_____ (елді мекен, облыс, қала, аудан, ауыл

_____ көше, үй, пәтер)

Телефон нөмері _____

Өтініш

Мені 20 _____ ж. « _____ » _____ бастап _____ тілінде
(қазақ / орыс)

оқыту тобына _____
(мемлекеттік грант бойынша/ әкім гранты/ оқу үшін толық шығынды өтеумен)

_____ базасындағы _____
(ОБ/ ТжКБ/ ЖБ) _____ (білім беру бағдарламаның коды және атауы)

_____ білім бағдарламасының _____ курсына
академиялық демалыстан шыққан болып санауыңызды сұраймын.

- Қосымша:** 1) ДКБК анықтамасы/ Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі/
Әскери билеттің көшірмесі;
2) Жеке куәліктің көшірмесі;
3) Оқу жоспарындағы айырмашылығы көрсетілген салыстыру ведомосы;
4) Транскрипт.

Қолы _____

Күні _____